

**Қаржы нарығындағы жаһандық түзетулер мен теңгеге жасалған
қысым туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Әлия
Молдабекованың негізгі тезистері**

Қыркүйек айында нарықтардың басым бөлігі құлдырады: акциялар, облигациялар мен алтын бағасы түсті. Сол кезеңде мұнай бағасы соңғы 3 жылда бірінші рет барреліне 80 доллардан асып, рекордты жаңартты.

Сыртқы нарықтардың қыркүйек айындағы ахуалы жайында

Қыркүйекте Covid-19 жұқтырғандардың саны әлем бойынша төмендей бастады. 5 қазандағы жағдай бойынша, ауырғандардың бір апта ішіндегі көрсеткіші тамыздың соңында 4,4 млн деңгейден 3,1 млн-ға дейін төмендеді. Әлемдегі эпидемиологиялық ахуалдың салыстырмалы түрде жақсаруы экономикалық белсенділік индикаторларының тұрақтануына әсер етті – Global PMI соңғы 3 айда алғаш рет 53 тармаққа дейін (тамыздағы 52,5-тен) аздап ұлғайғанын көрсетті. Осылайша Covid-19 төңірегіндегі шиеленістің салыстырмалы түрде уақытша болса да төмендеуіне байланысты пандемияның экономикаға және әлемдік нарықтарға әсері туралы алаңдаушылық артта қалды.

Қыркүйекте дамыған елдердегі орталық банктер риторикасының ақша-кредит талаптарын күшейту жағына қарай өзгеруі әлемдік қаржы нарықтарына едәуір әсер етті. Федералдық резерв инфляцияның өсуін және еңбек нарығында қол жеткізілген прогресті ескере отырып, осы жылдың соңына дейін активтерді сатып алу бағдарламасын тоқтатуды бастауға дайын екенін білдірді. Сонымен қатар, инвесторлар ФРЖ комитеті мүшелерінің мөлшерлемені тез арада арттыруға қарай болжамдарын түзетуге назар аударса, ФРЖ комитеті мүшелерінің жартысы мөлшерлеменің 2022 жылы ұлғаятынын айтады. ЕОБ активтерді сатып алу қарқынын 80 млрд еуродан 60-70 млрд еуроға дейін қысқарту мүмкіндігіне жол берді.

Монетарлық саясатқа қатысты АҚШ тарапынан күтіліп отырған күшейту туралы шешім АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюына, қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуіне және инвесторлардың тәуекел дәрежесінің төмендеуіне түрткі болды. Қыркүйектің соңына қарай әлемдік нарықтардағы келеңсіздік Қытайдың ірі Evergrande Group құрылыс компаниясының қаржылық проблемаларына және АҚШ конгресінде АҚШ мемлекеттік қарызының лимитін арттыруға қатысты келіспеушіліктерге байланысты әлеуетті жүйелік тәуекелдер себебіне байланысты күшейе түсті.

Жалпы алғанда, осы факторлардың барлығы капиталдың қаржы нарықтарынан әкетілуіне, ағымдағы шоттарда қаражаттың жиналуына және соның салдарынан акциялар мен облигациялардың және алтын бағасының айтарлықтай түзетілуіне алып келді.

Соның әсерінен ай соңында дамушы елдердің АҚШ долларына қарсы валюталарының индексі 2,9%-ға әлсіреді: түрік лирасы 6,9%-ға, Бразилия реалы 5,7%-ға, Оңтүстік Африка ранды 3,8%-ға, Мексика песосы 2,8%-ға әлсіреді.

АҚШ-тың негізгі қор индекстері соңғы 3 айда алғаш рет айдың қорытындысы бойынша төмендеуін көрсетті: S&P 4,8%-ға құлдырады, дамыған және дамушы елдер акцияларының жаһандық индексі тиісінше 4,3%-ға және 4,2%-ға төмендеді.

Қыркүйек айындағы мұнай нарығындағы жағдай туралы

Мұнай нарығындағы ахуал керісінше оң серпін берді. Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 2018 жылғы қазаннан бастап алғаш рет бір баррель үшін 80 АҚШ доллары белгісіне жетті. Айдың қорытындысы бойынша, мұнай бағасы бір баррель үшін 78,52 АҚШ долларына дейін 7,6%-ға айтарлықтай өсті.

Айдың қорытындысы бойынша, мұнай бағасының осы қарқынмен өсуі бірқатар себепке байланысты. АҚШ-тағы шикі мұнай қорлары бойынша апта сайынғы деректер отынға деген сұраныстың неғұрлым тез қалпына келуі аясында 3 жылдық ең төменгі көрсеткішке дейін төмендеу үрдісін көрсетеді. Еуропа мен Азиядағы табиғи газдың тапшылығы да жылу беру маусымы қарсаңында энергетикалық компаниялардың табиғи газдан мұнай өнімдеріне көшуі салдарынан тәулігіне қосымша 0,5 млн баррельге мұнайға деген сұранысты қолдады. «Ида» дауылынан кейін Мексика шығанағында өндірудің баяу қалпына келуі нарыққа қосымша қолдау көрсетті – өңірде өндіру қуаты әлі де толығымен қалпына келген жоқ.

Қазанның басынан бастап мұнай бағасының жоғары құбылмалылығы сақталды: ОПЕК+ қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес мұнай өндіруді қалыпты және біртіндеп ұлғайтуды жалғастыру (+0,4 млн баррель/күн) шешімінен кейін мұнайдың бағасы өсті. Одан кейін АҚШ-тағы мұнай қорының күтпеген өсуі және Ресей Федерациясының Еуропаға жеткізілімін ұлғайту уәделерінен кейін газ бағасының төмендеуі аясында күрт төмендеді.

11 қазандағы сауда-саттық барысында энергия тасымалдаушыларға сұраныстың тұрақты өсуімен қолдау тапқан баға белгілеу соңғы 7 жылда алғаш рет бір баррель үшін 84 АҚШ долларынан асты.

Шикізат нарығының айтарлықтай оң әсеріне теңгенің неліктен әсер ете алмағаны туралы

Ұлттық валюта үшін іргелі факторлардың бірі болып табылатын мұнай бағасы теңгеге сөзсіз қолдау көрсетті. Алайда, шетелдік валютаға жалғасып отырған ішкі сұраныс және жаһандық қаржы нарықтарындағы күшті теріс сентимент теңге серпініндегі басым факторларға айналды.

Біріншіден, АҚШ МБҚ кірістілігінің өсуі және АҚШ долларының жаһандық деңгейде нығаюы дамушы елдердің валюталарына қысым көрсетті.

Мұнай бағасының айтарлықтай өсуіне қарамастан, дамыған және дамушы елдердің шикізат экономикасы валюталарының көпшілігі теріс аймақта болды – Канада доллары 0,5%-ға, Норвегия кроны бір айда 0,6%-ға, Индонезия рупиясы 0,3%-ға әлсіреді.

Екіншіден, теңге бағамына елеулі қысым шетел валютасына ішкі сұранысты көрсетуде. Экономикалық белсенділіктің қалпына келуі және импорттың өсуі теңгенің нығаюын шектейді. Нәтижесінде 2021 жылғы 9 айда биржада ЕДБ сатып алуы жылына 19%-ға ұлғайып, айына орта есеппен 2,6 млрд АҚШ долларына жетті. Фискалды ынталандырудың және зейнетақы жинақтарын пайдаланудың жалғасып отырған әсері импорт ұлғаюының және шетел валютасына сұраныс өсуінің қосымша факторы болып табылады.

Үшіншіден, жекелеген кезеңдерде қыркүйекте теңге бағамы абсолютті мәнде бір доллар үшін 424 теңге белгісіне жетті, оны халық айырбастау пункттерінде шетел валютасын сатып алу және шоттар бойынша конвертациялау үшін қолайлы деңгей ретінде қабылдады. Банктер туындаған қысқа позицияны жабу қажеттілігіне ие бола отырып, валюта нарығына жоғары сұранысты көрсетіп отырды.

Соның әсірінен қыркүйектің қорытындысы бойынша, теңге бағамы бір АҚШ доллары үшін 425,75 теңгеге дейін 0,1%-ға аздап әлсіреді. Сондықтан жаһандық контексте теңге бағамының серпіні жалпы үрдістерге сәйкес келеді.

Екінші жағынан, бюджетке трансферттерді жүзеге асыру және 206 млн АҚШ долларын құраған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатуы үшін 913 млн АҚШ доллары мөлшерінде Ұлттық қордың қаражатын конвертациялау операциялары теңгеге бір ай ішінде қолдау көрсетті. Бір ай ішінде валюталық интервенция жүргізу қажеттілігі болған жоқ.

8 қазандағы жағдай бойынша, мұнай бағасының 82,39 АҚШ доллары деңгейінде тұрақтануы аясында теңге бағамы 424,70-ке дейін нығайды.

11 қазандағы жағдай бойынша мұнай бағасының өсуі және баға белгілеудің бір баррель үшін 84 АҚШ долларына дейін көтерілуі аясында айдың басынан бастап теңге бағамының бір доллар үшін 424,55 теңгеге дейін 0,3%-ға нығайғаны байқалады.

Қыркүйек айындағы алтын-валюта резервінің қарқыны туралы

Алдын ала деректер бойынша, алтын-валюта резервтері бір айда 1,2 млрд АҚШ долларына төмендеп, қыркүйектің соңында 35,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Резервтердің төмендеуі негізінен қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі және АҚШ долларының нығаюы нәтижесінде бағалы металл бағасының бір унция үшін 1814 АҚШ долларынан 1731 АҚШ долларына дейін 4,6%-ға құлдырауы аясында алтын портфелі құнының 800 млн АҚШ долларына төмендеуі есебінен орын алды.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер негізінен ЕДБ-ның корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, сондай-ақ қыркүйекте 95 млн АҚШ долларын құраған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышын төлеу есебінен 446 млн АҚШ долларына төмендеді.

Қыркүйек айында Ұлттық қордағы валюта активінің көлеміне әсер еткен факторлар туралы

Жедел деректер бойынша қыркүйектің соңында Ұлттық қордың валюталық активтері бір айда 1,9 млрд АҚШ долларына төмендеп, 55 млрд АҚШ долларын құрады.

Өткен айда республикалық бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферт түрінде 392 млрд теңге бөлінді. Трансферттер бойынша өтінімдерді орындау мақсатында 913 млн АҚШ долларына валюталық активтер сатылды. Бұл ретте қыркүйекте қорға шетел валютасымен түскен түсімдер 259 млн АҚШ долларын құрады.

Жоғарыда атап өткендей, өткен айда біз қаржы нарықтарындағы елеулі түзетулердің куәсі болдық. Капиталдың ақша нарығының құралдарына әкетілуі аясында тәуекелдік, сол сияқты қорғаныс активтері құнының бір мезгілде төмендеуі байқалды: акциялардың, корпоративтік облигациялардың, алтынның белгіленген бағасы төмендеді. Дамыған елдер облигацияларының бағасы да шамалы төмендеді. Нәтижесінде, қыркүйектегі инвестициялық кіріс акциялар нарығының 4,1%-ға, облигациялар нарығының 1,3%-ға және алтын нарығының 4,6%-ға төмендеуі есебінен минус 1.2 млрд АҚШ доллары немесе (-)2.11% деңгейінде теріс қалыптасты.

Активтердің барлық сыныптары бойынша бағалардың бір мезгілде төмендеуі қысқа мерзімді сипатқа ие және ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қордың стратегиялық аллокациясы тәуекелдерді теңестіретінін атап өткен жөн. Қазанның басынан бастап акциялар нарығы ішінара қалпына келді, S&P 500 индексі 2,14%-ке, дамыған елдердің MSCI World акцияларының индексі 1,33%-ке өсті. АҚШ долларының нығаюы тоқтады, бұл айдың басынан бері 1,67%-ке өскен алтын бағасына қолдау көрсетеді.

11 қазандағы жағдай бойынша Ұлттық қордың инвестициялық кірісі ай басынан бастап 250 млн АҚШ долларын құрады.

IV тоқсандағы сыртқы нарықтардағы жағдайдың даму келешегі және олардың теңгеге ықтимал әсері туралы

Әлемдік қаржы нарықтары пандемияға және дамыған елдердің орталық банктерінің ақша-кредит саясатының күшеюіне байланысты тәуекелдерге

ұшырауда. Бұл дамушы нарықтардың валюталарына, жалпы теңгеге де тікелей қысым көрсетуді жалғастыруда.

Covid-19 жағдайы бойынша ілгерілеуге қарамастан, алдағы айларда суық ауа райының басталуына және вирустар маусымына байланысты аурудың жаңа өсуі бойынша алаңдаушылық бар. Бұл ретте вакцинация процесін жалғастыру жаңа толқынды біршама тежеуі керек. Goldman Sachs есептеулері бойынша АҚШ, Ұлыбритания және Еуроаймақ халқының шамамен 70%-ы ауыр, ауруханаға жатқызуды қажет ететін жағдайлардан қорғалды.

Сандық жеңілдету бағдарламаларын қысқарту әлемнің жетекші орталық банктерінің ақша-кредит саясатын қатаңдатудың алғашқы белгісі болып табылады, бұл дамушы елдерден дамыған елдерге капиталдың жаңа ағынын тудыруы мүмкін.

Алайда, екінші жағынан, қыстың суық болу болжамын ескере отырып және энергия көздеріне сұраныстың артуы аясында мұнай бағасының одан әрі өсуі күтілуде. Инвестициялық банктердің сарапшылары мұнай раллиі алдағы екі айда жалғасады деп санайды және жыл соңына дейін бір баррель үшін 80 АҚШ долларынан төмен емес бағаны күтуде. Газ тапшылығының орнын толтыру және ОПЕК+ тарапынан өндіруді ұлғайту мұнай нарығындағы құбылмалылық факторлары болуы мүмкін.

Экономикалық белсенділікті қалпына келтіру, импорттың өсуі және жалғасып жатқан фискалдық себеп сияқты ішкі факторлар теңгеге қысым көрсетуді жалғастырады. Мұнай бағасының өсуіне қарамастан шетел валютасы ұсынысының өсуі оған сұраныстың жылдам өсу қарқынына қарағанда айтарлықтай баяу.

Бейрезиденттердің теңгемен номинирленген борыштық бағалы қағаздар нарығына келуі шетел валютасын ұсынудың қосымша көзі болып табылады. Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын жаһандандыру жұмысын жалғастыруда. ҚР МБҚ-ға бейрезиденттер салымдарының деңгейі қыркүйекте дамушы нарықтардың нарығынан айтарлықтай әкелілуіне қарамастан бір айда бар болғаны 5 млрд теңгеге төмендеп, айдың қорытындысы бойынша тұрақты – 789 млрд теңге деңгейінде қалды.

Сонымен қатар шетелдік инвесторлар үшін Қазақстанның борыштық нарығының танымалдылығы артуда. FTSE Russell облигациялар нарығын жыл сайынғы елдік бағалау қорытындысы бойынша ҚР МБҚ нарығын шекара нарықтарының FTSE (FTSE Frontier Emerging Markets Government Bond Index) индексіне енгізу туралы жариялады. ҚР облигациялары индекске 2022 жылғы сәуірден бастап енеді. ҚР МБҚ нарығының FTSE Frontier EMGBI қосылуы халықаралық инвесторлардың қызығушылығы мен назарының өсіп келе жатқанын айғақтайды. Инвесторлар мен халықаралық қорлардың кең ауқымы

үшін эталон ретінде қызмет ететін дамушы елдер облигацияларының индекс талаптарына сәйкес келуі нарықты дамыту үшін келесі қадам болуы тиіс.